

**«ForteBusiness карталарымен төлеңіз де, Apple өнімдерін ұтып алыңыз»
ұтыс ойынын өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа қосымша**

ҰТЫС ОЙЫНЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Ұтыс ойынын өткізудің мақсаттары:

- Visa Business (дебеттік), Visa Business Platinum бизнес-карталарының эмиссиясын арттыру
- Visa Business (дебеттік), Visa Business Platinum бизнес-карталары бойынша белсенділік пен бизнес-айналымды арттыру

1. Ұтыс ойынын өткізу кезеңі

1.1. Өткізу мерзімі – 2026 жылғы 7 шілдеден 6 қазанға дейін.

2. Ұтыс ойынын өткізу орны

2.1. Instagram әлеуметтік желісіндегі @fortebusiness.qz ресми аккаунтында тікелей эфир форматында өткізіледі. Ұтыс өткізудің күні мен уақыты осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген.

3. Қатысу талаптары

3.1. Ұтысқа Клиенттер - Қазақстан Республикасының резиденттері, Visa Business (дебеттік) және Visa Business Platinum карталарының (бұдан әрі – Бизнес-карта) иелері қатыса алады, олар Науқанның тиісті кезеңі ішінде келесі талаптарды орындауы тиіс:

3.1.1. Бизнес-карта иелері айына кемінде 3 (үш) рет жалпы сомасы кем дегенде 30 000 (отыз мың) теңгеге қолма-қол ақшасыз және/немесе токендендірілген шығыс операциясын (қолма-қол ақша алу мен аударымдарды есептемегенде) орындауы тиіс;

3.2. Тиісті кезең бойынша ұтыста тек ұтыс өткізу кезеңінде клиенттер жасаған (e-commerce қоса алғанда) және қаржылық құжаттармен расталған транзакциялар ғана есепке алынады. Сонымен қатар, келесі операциялар есепке алынбайды: бюджетке төлемдер, коммуналдық төлемдер, букмекерлік қызметтерге төлемдер, ұялы байланыс қызметіне төлемдер, аударым операциялары, кредиттерді өтеу, коллекторлық компанияларға төлемдер, ломбардтағы операциялар, казино және тотализаторлардағы операциялар, Банктің қызметтері үшін төлемдер, сондай-ақ лотерея билеттері мен облигациялар сатып алуға байланысты операциялар. Бизнес-карта белсенді және жарамдылық мерзімі өтпеген болуы тиіс. Қызмет көрсету комиссиялары мен өзге берешектер бойынша өтелмеген қарыз болмауы қажет.

3.3. Келесі тұлғалар ұтысқа қатыса алмайды:

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар, сондай-ақ «ForteBank» АҚ қызметкерлері мен өкілдері, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ олармен аффилирленген тұлғалар, Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты «ForteBank» АҚ-мен шарттық қатынастары бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері.

4. Жүлде қоры

4.1. Науқанды өткізу кезеңінде талаптарды орындаған қатысушылар арасында 15 (он бес) дана Apple техникасы ойнатылады.

№	Атауы	Саны
1	Apple / 15-inch MacBook Air: Apple M5 chip with 10, 16GB, 512GB SSD - Silver / MDV94RU/A ноутбугы	3
2	Apple / iPhone 17 Pro 256GB Cosmic Orange (MG8H4HX/A) смартфоны	3
3	Apple / 11-inch iPad Air Wi-Fi 128GB - Space Grey (MC9W4QA/A) планшеті	3
4	Apple AirPods / MWW63ZE/A Blue құлаққаптары	3
5	Apple / Watch Series 11GPS46mmJet Black Aluminium Case with Black Sport Band - M/L MEUX4R смарт-сағаттары	3
	БАРЛЫҒЫ	15

5. Ұтыс ойынын өткізу әдісі

- 5.1. Ұтыс ойынына осы Қағидалардың 3-бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін Банк клиенттері ғана қатыса алады.
- 5.2. Ұтыс ойынының жеңімпаздарын Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес ұтыс өткізу кестесіне қарай ұтыс базасындағы клиенттердің реттік нөмірлері бойынша кездейсоқ сандар генераторы арқылы тираждық комиссия анықтайды.
- 5.3. Кездейсоқ сандар генераторы – ұтыс ойынына қатысатын және ұтыс ойынына қатысушылар тізіміне енгізілген клиенттердің реттік нөмірлеріне сәйкес келетін кездейсоқ сандарды қалыптастыратын «Random» ресурсы (бұдан әрі – Ресурс).
- 5.4. Ұтыс жеңімпаздарын анықтау үшін Банкте тираждық комиссия құрылады. Тираждық комиссияның құрамы, сондай-ақ оны алмастыратын құрам тиісті бұйрықпен айқындалады. Ұтыс өткізу кезеңінде тираждық комиссия құрамына өзгерістер енгізілуі мүмкін, бұл да жеке бұйрықпен ресімделеді.
- 5.5. Ұтыс ойынының әрбір кезеңінде тираждық комиссия кездейсоқ таңдау әдісімен Ресурсты іске қосу арқылы жеңімпаздарды анықтайды, сондай-ақ әрбір жеңімпаз үшін дәл осындай тәсілмен 2 (екі) дублерді анықтайды. Бұл ретте әрбір ұтыс алдында тираждық комиссия мүшелері осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Тираждық комиссия мүшелерін тіркеу тізімдемесі» толтырады.
- 5.6. Әрбір ұтыс өткізу кезінде тираждық комиссия мүшелері Ресурсты бір реттен артық іске қоспайды (жеңімпазды және екі дублерді анықтау үшін). Тираждық комиссия мүшелеріне Ресурсты қайта іске қосуға және Ресурс анықтаған жеңімпаз бен дублерлердің орнына жаңаларын таңдауға тыйым салынады.
- 5.7. Әрбір өткізілген ұтыстың нәтижелері Ресурста тіркеледі, ол жеңімпаз және 2 (екі) дублер бойынша мәліметтерді қалыптастырады және тираждық комиссия мүшелерінің ұтыс хаттамасында осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда көрсетіледі (бұдан әрі – Хаттама). Хаттаманы ұтыс өткізілген күні хатшы басып шығарып, тираждық комиссия мүшелері қол қояды.
- 5.8. Тираждық комиссияның әрбір мүшесі Хаттамаға қол қояды, онда жеңімпаз бойынша келесі мәліметтер көрсетіледі: төлем картасы ресімделген филиал, клиенттің ТАӘ, клиенттің ЖСН, картаның шығарылған филиалы.
- 5.9. Тираждық комиссияның барлық мүшелері, соның ішінде хатшысы қол қойған Хаттама қол қойылған күні тираждық комиссия хатшысы арқылы Бизнес-маркетинг бағытының басшысына қолхат арқылы табысталады.
- 5.10. Жеңімпаз немесе дублер кез келген себептермен келмеген немесе жұлдені алудан бас тартқан жағдайда, жеңімпазға ұтысты алу үшін жеңімпаз ретінде танылғаны туралы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні беріледі, әйтпесе жұлде дублерге/келесі дублерге беріледі. Егер жеңімпаз және барлық дублерлер жұлдені ала алмаса, ұтыс өткізілмеді деп танылады және жұмыс күндерінде, ұтыс кестесінен тыс, осындай жағдайлардың нақты санына қарай қайта өткізіледі. Қайта ұтыс ойынын өткізу тәртібі ұтыс ойындарын өткізу кестесіне сәйкес өткізілетін ұтыс ойындарының талаптарына сай жүзеге асырылады. Банк Қағидалардың осы тармағында көрсетілген салдарлар үшін жауапкершілік көтермейді.

6. Жеңімпаздарды хабардар ету және ұтысты алу бойынша өзге де талаптар

- 6.1. БСБ жауапты қызметкері жеңімпаз жарияланған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ұтыс жеңімпазына телефон арқылы хабарласуды жүзеге асырады. Хабарласу 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізіледі: күніне 5 (бес) рет қоңырау шалынады, бұл ретте әр қоңыраудың аралығы кемінде 1 (бір) сағат болуы тиіс. Бұл ретте әңгіменің басында БСБ жауапты қызметкері байланыс орнатылған тұлғаның компаниясының атауын нақтылайды. Егер аталған деректер Хаттамада көрсетілген жеңімпаздың компания атауына, БСН-іне және жасырылған карточкалық шотының нөміріне сәйкес келсе, ұтыс жеңімпазы болып табылатын клиентке оның Apple техникасының ұтыс ойынының жеңімпазы атанғаны туралы хабарлайды және оған Банк филиалына келу қажеттігін жеткізеді (мерзімі – Apple техникасы түріндегі сыйлықты филиал алған және жеңімпазға хабарланған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні). Сондай-ақ клиентке белгіленген мерзімде филиалға келмеген жағдайда, Apple техникасы түріндегі ұтыстың дублерге берілетіні хабарланады. Бұдан басқа, жеңімпаз клиентке өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын алып келу қажеттігі, сондай-ақ филиалда осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес Келісім-өтінішті немесе осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес Бас тарту туралы өтінішті өз қолымен толтыру қажеттігі туралы ақпарат жеткізілуі тиіс.
- 6.2. Егер Қағидалардың 6-тарауының 1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде БСБ жауапты қызметкері ұтыс жеңімпазына келесі себептер бойынша хабарласа алмаса: жеңімпаз байланыс деректерін дұрыс көрсетпеген жағдайда, не оның байланыс деректері өзгерген жағдайда, не кез келген өзге себептермен (оның ішінде ұтыс өткізілген күнге және пәтерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күнге дейін жеңімпаз қайтыс болған жағдайда да) қолжетімсіз болған жағдайда, не жұлдені алудан бас тартқанда, не Келісім-өтінішке (осы Қағидалардың 4-қосымшасы) қол қоймаған жағдайда, Банк Apple техникасы түріндегі жұлдені 1-дублерге беруге құқылы. Егер жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша 1-дублер жұлдені ала алмаған жағдайда, Банк жұлдені 2-дублерге беруге құқылы. Егер 2-дублер де Apple техникасы түріндегі жұлдені ала алмаған жағдайда, ұтыс өткізілмеді деп танылады және нақты осындай жағдайлардың санына қарай белгіленген кестеден тыс жұмыс күндері қайта өткізіледі. Қайта

ұтыс ойынын өткізу тәртібі ұтыс ойындарын өткізу кестесіне сәйкес өткізілетін ұтыс ойындарының талаптарына сәйкес келеді. Банк осы тармақта көрсетілген салдарлар үшін жауапты болмайды.

6.3. Егер жеңімпаз белгіленген мерзімде жүлдені пайдалануға ниетті екенін растамаса, не Банктің филиалына келмесе, не жүлдеден бас тартса, филиал директорының 3Т операциялық қызмет көрсету жөніндегі орынбасары немесе оны алмастыратын тұлға Банкке енгізілген электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы қызметтік жазба жолдау арқылы ШОБ сатылымдары және қолдау бағытын (Е.П. ТӘ) жеңімпаз табылмағаны туралы дереу хабардар етеді. Дублерлерді хабардар ету тәртібі және өзге де ұтыс талаптары жоғарыда жеңімпаз үшін белгіленген талаптарға ұқсас түрде қолданылады.

7. Жеңімпазға ұтыс нәтижелерін жариялау

7.1. Жеңімпаз жүлдені алу ниетімен Банктің филиалына жүгінген кезде, БСБ жауапты қызметкері жеке басын куәландыратын құжат негізінде жүгінген тұлғаның жеке басын сәйкестендіреді, сондай-ақ БСН мен компания атауының Хаттамада көрсетілген жеңімпаздардың деректерімен сәйкестігін тексереді.

7.2. Жүгінген тұлға ұтыс жеңімпазы ретінде сәйкестендірілген жағдайда, БСБ жауапты қызметкері бұл туралы филиал директорын немесе филиал директорының заңды тұлғаларға операциялық қызмет көрсету жөніндегі орынбасарын хабардар етеді. Филиал директоры немесе оның орынбасары клиентке оның ұтыс жеңімпазы ретінде анықталғаны туралы хабарлайды.

7.3. Бас жүлде жеңімпаздарына жүлделерді салтанатты түрде табыстау фото- және бейнетүсірілім арқылы тіркеледі. Алынған фото- және бейнематериалдар ұтыс нәтижелері туралы ақпаратты орналастыру үшін Бизнес-маркетинг бағытына беріледі. Бас жүлде жеңімпазы фото- және бейнетүсірілімнен бас тартқан жағдайда, Банк оны жүлдені алудан бас тартқан деп тануға және осы Қағидалардың 5-бөлімінде көзделген тәртіпке сәйкес жүлдені алу құқығын дублерге беруге құқылы.

8. Жүлдені алу тәртібі

8.1. Промо-науканның бүкіл кезеңі ішінде ай сайын бір рет 5 (бес) жеңімпаз анықталады, олардың әрқайсысына бір жүлдеден табысталады.

8.2. Сыйлықтарды табыстау осы Қағидалардың 7-бөліміне сәйкес жеңімпазды сәйкестендіргеннен кейін және филиалдың Apple техникасы түріндегі жүлдені алғанынан кейін жүзеге асырылады.

Ұтыс ойынын өткізу кестесі

Ай сайынғы жүлделер ұтысы

Кезеңдер	Қатысушылар базасын қалыптастыру және алу күні	Ұтыс ойынын өткізу күні	Жүлделер саны, дана	Жүлделер
07.07.2026 – 06.08.2026	14.08.2026	17.08.2026	5 (бес)	1. MacBook Air 15 1000 2. iPhone 17 Pro 256 GB 3. Apple iPad Air 11 (2025) 8/128GB 4. Apple Watch Series 10 GPS 5. Apple AirPods Max 2nd
07.08.2026 – 06.09.2026	11.09.2026	14.09.2026	5 (бес)	1. MacBook Air 15 1000 2. iPhone 17 Pro 256 GB 3. Apple iPad Air 11 (2025) 8/128GB 4. Apple Watch Series 10 GPS 5. Apple AirPods Max 2nd
07.09.2026 – 06.10.2026	13.10.2026	14.10.2026	5 (бес)	1. MacBook Air 15 1000 2. iPhone 17 Pro 256 GB 3. Apple iPad Air 11 (2025) 8/128GB 4. Apple Watch Series 10 GPS 5. Apple AirPods Max 2nd

Тираждық комиссия мүшелерін тіркеу тізімдемесі (нысан)

Орны _____
Күні, уақыты _____

Статус	ТАӘ	Бөлімше атауы	Қызмет атауы	Қолы
Төраға				
Тираждық комиссия мүшесі				
Тираждық комиссия мүшесі				
Тираждық комиссия мүшесі				
Тираждық комиссия хатшысы				

Ұтыс ойынын өткізу қағидаларына 3-қосымша

Ұтыс ойынының хаттамасы (нысан)

Ұтыстың өткізілген күні: 20__ жылғы «____» _____

Жеңімпаз: _____

(жеңімпазға қатысты келесі мәліметтер көрсетіледі: компанияның атауы, БСН, карточкалық шоттың жасырылған нөмірі, төлем картасы ресімделген Банк филиалы)

1-дублер: _____

(дублерге қатысты келесі мәліметтер көрсетіледі: компанияның атауы, БСН, карточкалық шоттың жасырылған нөмірі, төлем картасы ресімделген Банк филиалы)

2-дублер: _____

(дублерге қатысты келесі мәліметтер көрсетіледі: компанияның атауы, БСН, карточкалық шоттың жасырылған нөмірі, төлем картасы ресімделген Банк филиалы)

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Тираждық комиссияның хатшысы:

(ТАӘ)

Ұтыс ойынын өткізу қағидаларына 4-қосымша

**Банк құпиясын, дербес деректерді ашуға және БАҚ-та ақпаратты
орналастыруға келісім-өтініш (нысан)**

«ForteBank» АҚ

Осы арқылы мен, _____, «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) клиенттері арасында өткізілетін ұтыс ойынына байланысты, Банктің ұтыс ойынын ақпараттық және жарнамалық мақсатта жариялау үшін (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, бұқаралық ақпарат құралдарында) менің Банк клиенті екенімді, ұтыс ойынына қатысқанымды және ұтыс жеңімпазы болғаным туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де дербес деректерімді таратуына өзімнің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімімді беремін.

20 ____ ж. « ____ » _____

Бас тарту туралы өтініш (нысан)

«ForteBank» АҚ ұтыс ойынын ұйымдастырушысына,
_____ тарапынан

ӨТІНІШ

Мен, _____, «ForteBank» АҚ өткізген ұтыс ойынының жеңімпазы бола отырып, осы арқылы ұтысты алудан бас тартатынымды растаймын. Ұтыс ойынын ұйымдастырушы - «ForteBank» АҚ тарапына ешқандай наразылығым жоқ.

_____ (_____) (қолы, тегі, аты-жөні, ЖСН)

20 ____ ж. « ____ » _____